

**«2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 959 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулыға 25-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 15-1, 15-2 және 26-жолдармен толықтырылсын:

«

15-1.	Халықаралық сарапшыларды тарта отырып денсаулық сақтау саласының моделін құру	Денсаулық сақтауды қаржыландырудың нақты моделін таңдап және енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, елдің денсаулық сақтау саласының болашақ моделін таңдау бойынша толық ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі қызметтерді ұсыну	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	«Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы ұлттық талдау орталығы» АҚ	001 «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы 101 «Денсаулық сақтау жүйесінде жетілдіру саласындағы зерттеулер» кіші бағдарламасы	2 5 000
15-2.	Қазақстанның медициналық ұйымдарын рейтингтік бағалау және халықаралық сарапшыларды тарта отырып пациенттердің хабардар болуын арттыру, денсаулық сақтау саласындағы бәсекелестік ортаны, транспаренттілік қағидаларын және медициналық ұйымды еркін таңдауды дамыту мақсатында	Медициналық ұйымдардың рейтингтік бағасын әзірлеу және нәтижелерді талдаумен медициналық ұйымдарды пилоттық бағалау бойынша қызметтерді ұсыну	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	«Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы ұлттық талдау орталығы» АҚ	001 «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы 101 «Денсаулық сақтау жүйесінде жетілдіру саласындағы зерттеулер» кіші бағдарламасы	

	пилоттық рейтингтік бағалауды жүргізу					3 1 000
26.	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша негізгі бағыттарды, нақты және айқын шараларды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Талдамалық зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі	«Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы ұлттық талдау орталығы» АҚ	007 «Экономика, сауда және мемлекеттік басқару саласындағы қолданбалы зерттеулер жүргізу»	70 00

»

2. Осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К.Мәсімов*

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан